

ҚазҰУ

**ҮСЕНБЕКОВА .А.Е.,
ИДРИСОВА Г.А.,
ҚАСЫМОВА К.А.**

**Әл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық
Университетінің оқытушылары**

ҚазҰУ – қабырғасында алған тәрбие мен білім

Тәлім тәрбие беру – жеке тұлғаны, оның жағымды мінез-құлықтарын қалыптастыратын жүйелі процесс болып табылады. Ол адамның барлық өмір жолындағы баспалдақтарын қамтуы тиіс, мысалы бесік тәрбиесі, балдырған, жасөспірім шақ, жастық шақ тәрбиесі болып табылады. Тәрбие жүйесі – адамзатты өмір тіршілігіне қабілеттілігін қамтамасыз ететін үрдіс. Тәрбиенің мақсаты – жасөспірімдерді болашақ өмірге дайындау, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен дамуы баспалдағында жақсы, жоғары жетістіктерге жетіуі жолында жүргізілетін жұмыстардың нәтижелері. К.Д.Ушинский өз еңбектерінде былай деген екен: «Өз қызметінің айқын мақсатын көрмейтін тәрбиеші – құрылыс материалдарын бір жерге үйіп, одан не алғысы келетінін білмейтін архитектор іспетті».

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ – нің Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті мен жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында шет елдерден келген ұлты қазақ жастар оқиды. Оларға мемлекетіміз грант бөліп, шәкіртақы төлеп қамқорлық көрсетуде. Кафедрамызда Иран, Сауд Арабия, Қытай халық республикасынан, Монғолиядан, ТМД елдерінен атажұртын іздеп келген жастар білім алады. А.С. Макаренконың «Тәрбиенің негізгі мақсаты – баланы жан-жақты дамыту» - деп атап көрсеткеніндей, біз оқытушылар қауымы кафедрामызда оқып жатқан жастарға таңдау пәні бойынша білім берумен қатар, тәрбие саласының мақсаттары мен міндеттерін орындаудамыз. Биылғы жылы елімізде Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған, қазақ жерінен шыққан дана - Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аталып өтілуде. Алғашқы шара 86 жылдық тарихы бар Қазақ ұлттық университетінде бастау алып, Әбу Насыр әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойына орай "Ұлы даланың ұлы есімі" атты ауқымды, халықаралық салтанатты іс - шара өтті. Шараға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Қ.Көшербаев және шет мемлекеттерден келген университеттің құрметті қонақтары қатысты. Мемлекеттік хатшы Шығыстың ұлы ойшылының мерейтойы ЮНЕСКО-ның атаулы күндер мен оқиғалар тізбесіне енгенін және ИСЕСКО, ТҮРКСОЙ және т.б. ұйымдардың қолдауымен халықаралық мәдени алаңда кеңінен аталатындығын атап айтып өтті. Осы салтанатты іс-шараға университетіміздің әр факультетінің студенттері мен дайындық кафедрасының тыңдаушылары да қатысты, осы кештен жастарымыз болашақ өміріне, жеке тұлға болып қалыптасуына сөзсіз азық алды деп есептейміз.

Біздің кафедрामызда қазақ халқының салт-дәстүрін дәріптейтін айтулы іс-шаралар үнемі өтіп жатады. Бізде оқитын жоғарыда аталған елдерден келген жастар шет елдерде туып, орта мектепті шет елдерде оқығандықтан көпшілігі ұлтымыздың тілін қинала сөйлеп, ұлтты сипаттайтын дәстүрлерімізді, белгілі акын - жазушыларымызды біле бермейді. Сондықтан, біздер осы тақырыпта жыл бойы көптеген тәрбие шаралар өткізіп, жастарымыздың бойына ұлттық сана мен тілімізді, дәстүрімізді дарыту мақсатында еңбек етіп келеміз. Сондай іс - шаралардың бірі – «Атажұртым – Қазақстан, Менің ұлтым – қазақ, Абай – дара тұлға, Түркістан – түркілер мекені, әл-Фараби – ғұлама ғалым, Күш атасы – Қажымұқан, Қазақ ұлтына тән салт – дәстүрлер, ұлты қазақ – Ұлы Отан соғысы кезіндегі Кеңес Үкіметінің Бағырлар, Сәйгүлік – ер жігіттің қанаты, т.б.». Абай атамыз талап, еңбек, терең ой, қанағат рақым сынды жеке тұлғалық жақсы сапаларды қалыптастыру мақсатын қойып, өсек, өтірік, мақтаншақтық, еріншектік, бекер мал шашпақ сияқты зиянды әдеттерді жоюға шақырған. Осындай

өсиет сөздерді негізге алып, білім берумен қатар оқытушылар жыл бойы жастарды тәрбиелеу, өмірге бағыт - бағдар беру ісімен айналыстық. Соның бірі факультетімізде өткен «Қыз сыны» бауқауында қазақтың салт-дәстүрінен сайыстар ұйымдастырылып, әрбір қатысушыға дүниеге келген нәрестеге қатысты тақырыптар ұсынылды, мысалы: құрсақ шашу, жарыс қазан, кіндік кесер, ат қою, бесікке салу, қырқынан шақыру, тұсау кесу, тіл ашар, ашамайға мінгізу, аузына түкіру. Осы берілген тапсырмалар негізінде оның мазмұнын, мақсатын, қай кезеңде іске асырылатынын, өмірге пайда тұсын ашып айтуы керек және оны жасап та көрсету тапсырылды. Осы аталған дәстүрлерге қысқаша тоқталсақ: Құрсақ шашу кішігірім той-думан ретінде аталып өткен. Мақсаты: қуанышты атап өту және жүкті әйелдің күтіміне баса назар аудару. Жарыс қазан - Қазақ халқының ырым, салт – дәстүрлерінің бірі - екіқабат әйелдің толғағы басталған кезде жарыс қазан жасайды. Ол үшін ет асып, шөлпек пісіріп, көрші – қоланы мен бірер жақын туыстарын шақырып, құран оқытып, тамақ беріп, келіннің толғағының онай да жеңіл болуын жаратқандан сұрап, тілек тілеген.

Нәрестеге ат қою - қазақтың салты бойынша, жас нәресте туған кезде ата-анасы ең сыйлы, өте құрмет тұтатын кісіге өз сәбиінің есімін қойғызады. Ауылдың ең беделді азаматы сәбиді қолына алып азан шақырып, үш рет бала есімін құлағына қайталайды. Бесікке салу- «Бесік алып бару» – қазақтың бір жерге келін болып түскен қызы тұңғышын босанғанда орындалатын дәстүрі. Бесіктің жасауын қыздың анасы даярлайды. Оған қоса киетін киім, зергерлік бұйымдармен қоса, дастарқанға қойылатын тәттілерін салып алып барады. Алып барған китінің ішіне тоғыз түрлі заттар салады.

Қырқынан шығару - қазақ халқының ғұмырында жеті, тоғыз, отыз, қырық бір сандары қасиетті деп есептеледі. Мысалы “Жеті жарғы”, “Жеті қазына”, “Бір тоғыз”, “Үш тоғыз”, “Қырықтың бірі-қыдыр”, деген қағидалар осы сандық ұғымынан пайда болған. Соның бірі- баланы “қырқынан шығару” дәстүрі. Әдетте баланың туғанына қырық күн толған соң ыдысқа қырық бір қасық су құйып шомылдырады. Бұл ресми дәстүр. Оған үлкен әжелер, әйелдер қатысады, кәде беріледі, дастархан жайылады. Баланың Білегін ұстағанда ет пен сүйегінің біріге бастағаны байқалады, яғни сәбиді қырқынан шығару – ет пен сүйектің біріккеніне жасалатын құрмет. Сәбидің қарын шашы, тырнағы алынып оны сәбидің өзінің киіміне, матаға орап қойған.

Шілдеханана - Шілдехананаға жастар жиналады. Оған үлкендер бата беру үшін ғана келеді. Шілдеханана тойында жаңа босанған әйел үшін қалжаға сойылған малдың еті ортаға келгенде жөн білетін бір кісі омыртқаны қолына алып, оның етінен әйелдердің бәріне ауыз тигіздіртіп, әбден мүжіп, тазартады да, сүйекті тобылғыға тізіп, үй ішіндегі биік жерге іліп қояды. Мұнысы – баланың мойны тез бекісін деген ырым. Тұсау кесу - бала бесіктен шығып, еңбектеуден өтіп, қаз-қаз жүре бастағанда тұсауын кесіп, «тұсау кесу» тойы жасалады. Ата-анасы бұл тойға да мал сояды. Дәулетті адамдар көкпар да тартқызып, соның думанды тойға ұластырған. Жиналған көпшіліктің арасынан жүрісі жылдам, қимылы ширақ, іске епті адам тандап алынып, баланың тұсауын кесуді соған тапсырады. Тұсау кесерге арнайы ала жіп дайындалады. Бұл ала жіп аттамасын (ұрлық жасамасын, өтірік айтпасын, адал болсын) деген ырымнан, тілектен шыққан. Осындай тақырып төңірегінде қыз сыны байқауына қатысқан 18 қыз берілген тапсырмалар мен сынақтардан ізденімпаздықтары мен іскерліктерін пайдаланып, сынақтан сүрінбей өтіп жатты. Барлықтары да жақсы нәтижелер көрсете білді. Жастардың көкейінде қазақ халқының осындай дәстүрлері терең ұялады деп айта аламыз. Жастарымызға болашақта сәттілік тілейміз.